

"Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 32 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 мамырдағы № 285 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 181-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы № 32 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада мына:

"

Жұмабеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Арман Дайырұлы аппарат басшысы

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Керімрай - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Данабек аппарат басшысы
Алтынбекұлы

".

2. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап колданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов